

DOI 10.54596/2958-0048-2023-2-133-139

ӨОЖ 82-83

FTAMA 17.82.90

Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қадыров Ж.Т.^{1*}, Куандыкова Д.К.¹, Ахметова Т.А.¹

^{1*}КЕАҚ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті»,

Петропавл, Қазақстан Республикасы

*E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада Ж. Сүлейменов әңгімелерінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктері қарастырылады. Ж. Сүлейменов әңгімелерінің тақырыбының сан-алуандылығы сипатталып, әңгіме жанрындағы детективтік сюжеттерді шебер пайдалана білген суреткер екендігі көрсетіледі. Урбанизациялану тақырыбының негізінде ауыл және адам мәселесін көтеріп, ескі мен жаңа, ауыл мен қала тартысына қатысты көріністердің ерекшелігіне назар аударылады. Тағдырларына қарай әр алуан көркем бейнелер образдарының сомдалуы беріледі.

Түйінді сөздер: әңгіме, әңгіме жанры, детективтік сюжет, әңгіме желісі, көркем бейне, ауыл мәселесі, адам мәселесі, әңгіменің тартысы, ескі мен жаңа, ауыл мен қала тартысы, әдеби дәстүрдің сабақтастығы, жалғастығы.

ТЕМАТИКО-ИДЕЙНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАССКАЗОВ Ж. СУЛЕЙМЕНОВА

Кадыров Ж.Т.^{1*}, Куандыкова Д.К.¹, Ахметова Т.А.¹

^{1*}НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева»,

Петропавловск, Республика Казахстан

*E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

Аннотация

В статье рассматриваются тематико-идейные особенности рассказов Ж. Сүлейменова. Ж. Сүлейменов описывает многообразие тематики ваших рассказов и показывает, что он художник, умело использующий детективные сюжеты в жанре рассказа. На основе темы урбанизации поднимают сельскую и человеческую проблему, обращают внимание на специфику сцен, касающихся старой и новой, сельской и городской борьбы. В зависимости от судеб дается изображение различных художественных образов.

Ключевые слова: рассказ, жанр рассказа, детективный сюжет, сюжетная линия, художественный образ, сельская проблема, человеческая проблема, перетягивание каната, старое и новое, сельская и городская потасовка, преемственность, продолжение литературной традиции.

THEMATIC AND IDEOLOGICAL FEATURES OF Zh. SULEIMENOV'S STORIES

Kadyrov Zh.T.^{1*}, Kuandykova D.K.¹, Akhmetova T.A.¹

^{1*}NAO "North Kazakhstan University named after M. Kozybayev",

Petropavlovsk, Republic of Kazakhstan

*E-mail: zhkadyrov_777@mail.ru

Abstract

The article discusses the thematic and ideological features of Zh. Suleimenov's stories. Zh. Suleimenov describes the variety of subjects of your stories and shows that he is an artist who skillfully uses detective stories in the genre of the story. On the basis of the theme of urbanization, they raise rural and human problems, pay

attention to the specifics of scenes concerning the old and new, rural and urban struggles. Depending on the fate, the image of various artistic images is given.

Keywords: short story, genre of short story, detective story, storyline, artistic image, rural problem, human problem, tug of war, old and new, rural and urban brawl, continuity, continuation of literary tradition.

Кіріспе

XXI ғасырда техникалық, өндірістік, экономикалық, әлеуметтік өзгерістер адамның санасының трансформациясына да алып келді. Бұл өз кезегінде әдебиеттен көрініс тапты. Себебі, әдебиет – замана айнасы. Жаңа ғасырдағы жаңа әдебиетті шартты түрде екі арнаға бөлуге болады деп ойлаймын. Біріншісі – классикалық дәстүрдің жалғасы, болса екінші арнаға постмодернизм, концептуализм, интеллектуалды әдебиет, магиялық реализм, киберпанк, фэнтези, графикалық романдар (комикстер), теннофэнтези секілді жанрларды жатқызуға болады. Сонымен қатар бүгінгі оқырман талғампаз, олардың ой-сана деңгейі биік. Бүкіл әлемдегі әдебиет сүйерлердің жата-жастана оқитын авторларына қарасак: Бегбедир Фредерик, Харукими Мурками, Мо Янь ж.т.б., дені – шебер әңгімешілер. Әңгіме жанры – қарқынды дамыған қоғамның, өмірдің ағымына ілескен, оның қажеттіліктерін өтей аталын жанр. Біздің ғасыр ықшамдылықты, жүйелілікті, уақытты үнемді жұмсау мен барынша минимализмді қажет ететінін ескерсек, әңгіме жанрының өзектілігін түсінуге болады.

Әңгіме жазу да жеке дауыста ән салуға ұқсас өнер. Адам көзінің еш нәрсені жасыра алмайтыны сияқты, әңгіме жанрында да жазушы жетістігі мен кемістігін жасыра алмайды. Әңгіме – жазушы шеберлігінің айнасы, мұнда бәрі көктамырланып көрініп, бәрі алақандағыдай анық әрі сайрап тұрады. Бұл жанр туралы көрнекті әдебиеттанушы З. Қабдолов: «Әңгіме – қиын жанр. Алдымен, көлемі шағын. Ол жазушыдан барынша жинақы болуды талап етеді. Содан соң оқырманды бірден үйіріп әкету үшін сол шағын көлемдегі өмір эпизодының өзі соншалық тартымды, сюжет желісі қызғылықты болуы тиіс», – дейді [1; 211]. Қазақ әдебиетіндегі бұл жанрдың бастауында – Ы. Алтынсарин тұрады. Жанрдың бойына қан жүгірткен қаламгерлер ретінде Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсіреповтің есімдерін атаймыз. Тәуелсіздік жылдарында аталмыш салада келелі еңбек еткендер – Т. Нұрмағамбетов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеев ж.т.б. Бұл бағытта қалам сілтеп жүрген жазушылардың сабында жерлесіміз, дарынды жазушы – Жарасбай Сүлейменов та бар.

Ж. Сүлейменов әңгімелерін тақырыбы сан-алуан. Жазушы әңгімелерінің қамтитын уақыттықтары да әрқилы. Жазушы әңгімелері арқылы Сегіз Сері өмір сүрген XIX ғасырға аттансаңыз, енді бірде Мағжан өмір кешкен XX ғасырдан бірақ шығасыз. Қырғынға толы қызыл төңкеріс, соғыстан кейінгі азапты жылдардың, сергелдеңге толы социализм кезеңінің де куәгері боласыз. Негізінен, әңгімелерің өзегі – біздің өмір сүріп отырған заман, оның негізгі кейіпкерлері барлығымыз күнделікті көретін, кездестіретін адамдар, тіпті сіз бен біз де болуымыз мүмкін.

Зерттеу әдістері

Жарасбай Сүлейменов – әңгіме жанрында детективтік сюжеттерді шебер пайдалана білген суреттер екендігін баса айта кеткен жөн. Жалпы детективтік әдебиет – шытырман оқиғалы қылмыстық істерді ашуға құрылған шығарма. Детективтік көркем шығарманың сюжеті жұмбақ қылмыс салаларын логикалық пайымдаулар арқылы ашып көрсетуге құрылып, басты кейіпкерлері ретінде із кесуші заң қызметкерлері немесе тыңшы, барлаушылар алынады. Осы кейіпкерлер арасындағы алуан түрлі ашық та астыртын қақтығыстардан соң қылмыс әшкереленеді.

Қоғамның кеселі, көлеңке жақтары қылмысты істер арқылы көрініс табатындығын ескерсек, сол дертті анықтап беретін тамыршы жанр – детектив. Солай бола тұра, детектив қазақ әдебиетіндегі кенже қалған жанрлардың бірінен саналады. Әдебиетшілер арасында детективті жанр ретінде менсінбеушілік те байқалатыны жасырын емес. Алайда, детективті әдебиеттің толыққанды жанры деп қарап, осы салада қалам тартып жүрген отандық жазушыларымыздың күн санап көбеюі аузымызды қу шөппен сүртуге болмайтынын дәлелдеуде. Қазақ әдебиетіндегі детектив жанрына қалам тербеушілер туралы айтқанда, ең алдымен ойымызға Кемел Тоқаев, Қалмұқан Исабаев, Арман Әлменбет, Сабыр Ұзақбаев, Болат Бодаубай сынды қаламгерлер оралады. Аталмыш қаламгерлердің легінде жерлес жазушымыз Жарасбай Сүлейменовтің де есімі ерен аталады.

Зерттеу нәтижелері

Жазушы Ж. Сүлейменов оқырманы көп, қоғам үшін өзекті – шытырман оқиғалы детектив жанрында өнімді еңбек етіп келеді. Жазушының тектив жанрында жазылған «Көмескі із» повесі, «Кәсіпкердің өлімі», «Көгілдір мазда», «Мезгілсіз атылған мылтық», «Ала биенің әлегі», «Қақпан», «Бір қап ақша» әңгімелері бар.

«Мезгілсіз атылған мылтық» әңгімесінің сюжеті бірден қылмыстық оқиғаның орын алуынан басталады. Жасы жиырмадан жаңа ғана асқан, бұрын сот алдын көрмеген жас жігіт – Александр Усов аялдамадан төменде жатқан бұлаққа су ішкелі тоқтаған жас жұпты тасада бағып тұрып, аңшы мылтығымен қас қағым сәтте жайратып салады да, алды-артына қарамай тайып тұрады. Орын алған қанды оқиғаның ақ-қарасын ажыратып, қанды қол қылмыскерді қолға түсіру үшін жүргізілетін тергеу амалдары аға инспектор Кәкен Әлімовке тапсырылады. Бұған дейін де талай істі ашып, аса қауіпті қылмыскерлерді ұстаған сұңғыла әрі тәжірибелі қызметкер Әлімов екі кісінің өліміне себепкер болған Усовтың аяғын аспаннан келтіре ала ма? Әңгіменің желісі енді осы сұрақтың төңірегінде өрбиді. Қылмыстық оқиға орын алған жерден аңшы мылтығының бірнеше гильзасы, оқ-дәріні тығындаған киіз, қағаз қиындыларынан өзге елеулі айғақ табылмағандығын, тіпті куәлердің де жоқтығын білген оқырман тергеушінің ендігі іздестіру амалдары қалай болар екен деп ынтыға түседі. Қастандыққа ұшыраған жас жігіт қаныпезер қарақшының қолынан қаза болатындай әлдекімдерге тізесі батқан дөкей, көп ақшаның ортасында жүрген адам емес. Олай болса, мұндай бейбіт жандардың өлімі кімнің жерін кеңітпек? Жазушы қысқа да нұсқа баяндаулары арқылы оқырман санасына интрига туғызып алады да, әңгіме желісінің тізгінін толықтай тергеуші Әлімовтің «қолына» табыстайды. Қылмыскерді қолға түсіруге көмектескен ең басты айғақ көлденең кезіккен адамға мүлде елеусіз боларлық нәрсе. Кәдімгі қағаз. Қағаз болғанда да, оқ дәріні тығыздаған қағаздың қалдығы, ал тіпті дәлірек айтсақ, аяғында «ка» деген екі әріп көрінетін мөрдін жұрнағы бар ескі журналдың қиындысы. Осы бір болмашы қағаз қиындысының құпиясы мол қылмыстық істі ашқан кілт болғанына, оны аңғара білген полковник пен аға инспектордың байқампаздығына еріксіз қайран боласың. Қылмыскердің ізі расымен де оқиға болған маңайдағы «ка»-ға аяқталатын екі селонның бірі – Веселовкадан табылады. Одан әрі қылмыскердің ізіне түсу қиындық тудырмай, ақыр аяғында қылмыскер құрықталып, қанша жалтарғысы келгенмен, ашу үстінде жас жұпты жер жастандырған қылмысы бұлтартпайтын айғақтармен дәлелденіп, жазасын алады.

Бүгінде жастар қылмысы – қоғамның қаны сорғалаған ауыр жарасы, айықпас дерті болып отыр. Тіпті сол қылмыстардың көбі жалған намыс, ауыздықталмаған агрессия үстінде орын алады. Жас ғұмырын тар қапаста өткізуге мәжбүр қылатын осы бір

сабырсыз мінез, алды-артын ойлатпайтын ит ашу біз тілге тиек етіп отырған шағын әңгімеде де көрініс тапты. «Веселовкадан шыққан соң мен жаяулап, күн батардың алдында бұлақ басына келдім. Беті-қолымды жуып алайын деп еңкейе бергенім сол еді, «суды неге лайлайсың» деп біреу кимелей жөнелді. Қасында қызы бар екен. «Соның алдында қоқиланып тұр ғой» деп ойладым да: «Сен, немене, бұл жерді сатып алып па едің» деп ығыса қоймадым. Сол-ақ екен, ол мені итеріп жіберді. Оның күші басым екенін сездім де, одан әрі ілігіспей, баспалдақпен жоғары көтеріліп кеттім... Аялдаманың тасасына барып мылтығымды оқтап алдым да, олардың жоғары көтерілуін күттім...» [2; 149]. Міне, жас жігіттің екі адамның қанын мойнына жүктеуіне себеп болған жағдай осы ғана. Қорытындылай айтқанда, детектив жанрында оқиғасы сан алуан, ширақ әрі тартымды повесть-әңгімелер дүниеге әкелген қаламгер Жарасбай Сүлейменовтің қаламгерлік қабілеті де дәл осы жанрда айқын танылады. Оқиғасы қызу, тартысты, оқыс оқиғалар мен тосын шешімдерге, шынайы көркем бейнелерге толы әңгімелері шытырман оқиғаға құрылған шығармалар қатарынан лайықты орнын алары сөзсіз.

«Туған үйдің түтіні» әңгімесінде қазақ халқы үшін аса ауыр мәселелердің бірі – ауылдардың азуы, жаппай урбанизациялану тақырыбы көтерілген. Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамының мәдени, саяси және әлеуметтік құрылымы нарықтық түрлену жағдайына байланысты үлкен өзгерістерге ұшырады. Ақын-жазушы қауымы үшін бұл жай ғана әлеуметтік мәселесі емес, бәлкім тамырын тереңге ұрған ұлттық мәселе. Ауыл – қазақылықтың ұйытқысы. Қазақылық дегеніміз – кең пейілділік, бауырмалдық, берік ағайынгершілік, қонақжайлық, мәрттік, үлкенге құрмет, кішіге ізеттілік көрсету. Қазақылық дегеніміз – мән-мағынасы терең салт-дәстүр, тәлімді тәрбие, шежірелі тарих. Ал, урбанизация – жаһанданудың жемісі. Жаңа ғасырда бұл үдерістен қашып құтыла алмайтынымыз бесенеден белгілі. Алайда, бұл сынақ көпірінен қалай өтеміз, мәселе сонда.

Ж. Сүлейменовтің ақын жерлесі Т. Зікірин:

«Үміт жібі үзіліп, кесілді ақыр,

Бірте-бірте шамдары өшіп жатыр.

Қимаса да туған жер топырағын,

Ауылдастар амалсыз көшіп жатыр...», – деп ауыл мәселесін, ауылға байланған адам мәселесін жырмен көтерсе, Ж. Сүлейменов прозаға түсіреді. Жазушы «Туған үйдің түтіні» әңгімесінде ауылдағы үй деталін негізге ала отырып, әңгіме идеясын аша түседі. Өкенің ұрпағына арнап салған үйі – балалар үшін бал балалықтың, өткен шуақты күндердің белгісі болса, ана үшін – өмірдің өзі. Сондықтан, оны тастап кету – өсімдікті тамырынан жұлмен барабар. Кез-келген шығарма тартыстан тұрады десек, бұл шағын әңгіменің үлкен тартысы – ескі мен жана, ауыл мен қала тартысы.

Қазақ қоғамындағы сана мен өмір салтының өзгеруі жазушының «Қуырдақ» әңгімесінде де сөз болады. Жазушы бүгінгі әлеумет өміріндегі туыстық байланыстардың әлсірей бастауы мен «омыртқа беру» дәстүрінің бірте-бірте сиреуінің арасында сәтті параллел жүргізген. Бір ғана дастархан басындағы ситуациядан жазушы келелі мәселелер алып шығады. Ол: қазақ қоғамындағы тозықтың озықты басуы, біздің жағдайда, омыртқа берудің орнына жұртты қуырдаққа шақырып, арақ-шараппен мәз қылу; мақтанқұмарлық мақсатындағы орынсыз аста төк ысырапшылық (қонақтарға қымбат ішімдіктер құю), орынсыз астамшылық (келіннің «бүйректен» бас тартуы).

«Бүкір шал» әңгімесінде жазушы өкенің ерекше образын жасайды. Әңгімедегі Берік – өз өмірінде түрлі өткелдерден өтіп, көпті көрген дана қария. Заман қанжары оның тағдырында өз жараларын сызбай қоймады. Кеңестің өктемшіл өкіметі өрістеп, жүйеге

жағынған коммунистер есіріп, кәмпескелеу, колхоздастыру деген заңдастырылған тонау мен қорлаудың құрбаны болғандардың бірі – Берік ақсақалдың жанұясы. Берік – ауқатты, көзі ашық, көкірегі ояу, тектілердің ұрпағы бөлтірігі болса да, заман өзгеріп, шибөрілердің талауына тап болған. Жазушы бұл сол бір азапты жылдардың зардабын мына бір эпизод арқылы керемет суреттейді: «Әжем марқұм қазан төңкерісі басымызды қаңбақша домалатты ғой, – деп отырушы еді... Мен сол кісінің бауырында өстім ғой. Бір түнде бала-шағасын улатып-шулатып, күйеуін алып кетеді. Артынан өздерін де жер түбіне жаяу айдапты. Қыс іші, қоңыл таяқ етік... Талайлар ит-құсқа жем болып, жолда қалыпты. «Қырық жыл соғыс болса да, ажалды өледі» деген емес пе, әйтеуір әжемелге аман-есен оралыпты. Оралғаны не керек, көшеге шығуға, біреуге тура қарауға қорқатын. Бала кезім, бірде даладан жүгіріп келіп: «Әже, біздің үйге бастықтар келе жатыр» демеймін бе, «құлыным-ай» деп еңірей жөнелген әжемнің көз алдымызда талып қалмасы бар ма. Бақсам, бір күні ошағын ойрандап кеткендер қайта айналып соғады-ау деп үрейленіп жүреді екен ғой» [2; 109]. Қарт әже осылайша заманнан үрейленіп қайтса, Берік ақсақал булығып өмір кешкенін көреміз. Бай тұқымы деген мазақ қалпағы тіпті егде тартқан жасына шейін шешілмеді. Керісінше, бұған «Бүкір шал» деген лақап желімше жабысты. Басқа таптан болғандығы үшін сапалы білімнен, сапалы жұмыстан аластатылған қарт қажымады, қайта қайраттанды. Саналы ұрпақ тәрбиеледі, ерінбей еңбек етті. Жасының молдығына қарамастан күреске түсуі, күресіп қана қоймай белдесуде күші тасыған жас жігіттерді жерге алып жығуы – оның өмірлік қуатының әлі де болсын маздап тұрғанының белгісі. Жазушы осы бір шағын әңгімесі арқылы оқырманды өмір сынақтарынан мойымай, күресуге шақырады. Күрес бар жерде – өмір де бар деген идея өздігінен менмұндалайды. Автор, сонымен қатар, кері кеткен кеңестік жүйенің кемшіліктері мен озбырлықтарын орынды сынайды. Әңгіме соңында оқырман еріксіз түрде басқыншы кеңес жүйесінің зардаптары турасында ойға батады. Жазушы осы бір шағын әңгімесі арқылы, кеңес жүйесінің құрбандарының рухына тағзым етіп, тарихтан сабақ алуға шақырады. Біздің қоғамдағы кеңестік сана шырмауынан шыға алмаған жандардың әлі де болсын көп екендігін ескерсек, декоммунизациялық процестердің қажеттілігіне тағы бір мәрте көзіміз жете түсетіндей.

«Аллергия», «Дауасыз дерт» – жазушының сатиралық мәнде жазылған әңгімелері. Екі әңгімеде де автор қазіргі қоғамдағы адамдардың ұнамсыз қылықтары мен ауру, дерт арасында психологиялық паралелизм жүргізу арқылы, оны шымыма сатирамен әрлеп, аша түседі. Бірінші әңгімеде туыс-туған, дос-жарандарды қонақ қылудан әбден мезі болған Айманның мінезі ширатыла суреттелінеді. Қазақы мінезден алыстап, қала тұрмысына көндіккен әйел мен ауылдан ағылып, қаладағы үйге түсетін туыстар арасындағы мәміле, ондағы долы әйелдің өзін-өзі ұстауы оқырманның езуіне күлкі үйіріп қана қоймай, бір сәт ойландырады. Әңгіменің шарықтау шегінде үйге бейтаныс туыс келеді. Бұған, әдетінше Айманның «аллергиясы» реакция бере бастайды. Алайда, Айманның бейтаныс туысты көргені сол, дертінен бірден айығып кетеді. Өлгі бейтаныс туыс – Айманның жиеншары болып шығады. Бұл тұста Айман – сатиралық образ. Автор Айманның «дертін» мысқылдау арқылы тұтас қоғамдағы осы тектес әйелдердің типтік бейнесін сәтті жасап шыққан. «Дауасыз дерт» әңгімесінде автор жемқорлықтың кеселді кесепаты турасында сөз етеді. Бірінші жақтан баяндаушы – шағын мекеме бастығы, қатардағы төменгі рангтағы көп шенеуніктің бірі. Автор бұл шығармасында қарапайым жұрттың жарбандаған, жалпақтанған, жарамсақтанған, жағымпазданған жағымсыз қылықтарын қағытпа қалжыңмен әшкерелейді. Сәліктің жалған пара беріп мекеме бастығымен ойнауы, сол тұстағы пара алушының психологиялық жай-күйі, оның кейінгі

санасының сарсаңға түсуі, бір сөзбен айтқанда шығармадағы психологиялық ахуал дәл беріледі. Әңгіменің шешімі: «Пара – пәле. Бұл дүниеде оның тамырына балта шабыла қоймас. Оның қасында өкпенің өзгеше қабынуы да, СПИД-тің де, тауықтың тұмауы да түк емес. Түптің түбінде бұл аурулардың емі табылады. Ал параның емі жоқ», – деген келелі оймен түйінделеді. А

«Жалғыздың үні» әңгімесінде жесір ана мен жетім қатал тағдыры мен ауыр тұрмысы көрініс тапқан. Соғыстан кейінгі суық жылдар, жадау тұрмыс, азулы атқамінерлердің әлсіздерге тіс батырған өктемдігі. Осындай азапты тұрмыс Ұмсын секілді әйелдің тұлғалық қасиеттерін жаншып, өмірлік жігер-күшін қажытқан. Ұмынның алдағы өмірі белгісіздікке толы тұман іспеттес. Ол өміріне үреймен қарайды. Ананың жасыған соншалық, колхоз төрағасы Қажыбайдың өрімдей қызы Меруертті 60 асқан Қожахметке бер дегенде, үстіне жай түскендей абдырап, тұшымды жауап бере алмайды. Тіпті, таңартенге дейін бір шешімі табылар деп, жалған үмітпен ұйықтап та қалады. Өмірдің ауыр соққылары Ұмсынды осындай халге түсірсе, қызы Меруертті керісінше шыңдаған. Меруерт – алдағы қиындықтар мен өмір текпісінен қорықпайды, өз бақыты үшін, анасының бақыты үшін күресуге, белдесуге даяр. Өмір майданы қаршадай қыздың мінезін жасық емес, өршіл, күрескер етіп тәрбиелегенін автор бір ғана эпизодпен береді. Құда түскелі келген өктемшіл Қажыбай мен Қожахметке Меруерт: «Неге үндемейсіңдер, қайсына қатын керек? Дәмелерің зор екен, жесір кемпір мен жетім баланы басынғыларың келген екен! Қатын керек болса, мына кемпірді алыңдар, өздеріңмен түйдей құрдас, басы да бос! Әйтпесе, басты қатырмай, үйден шығыңдар!», – деп зекіп сөйлеп, әлгі екеуін ауыз аштырмастан қуып шығады. Жұдырықтай қыздың жұдырықтай жүрегіндегі осыншалық кек, ыза, запыран – заманның ызғары. Осы бір қысқа әңгімеде автор майданнан тыс соғысты көрсетеді. Бұл соғыста тылда қалған жетім-жесір азапты тұрмыспен, қорлықты өмірмен, сұрқия үстем-тап өкілдерімен күреседі.

«Іштегі қазақтар» әңгімесінде Ресей қазақтарының жайы-күйі сөз болады. Әңгіменің негізгі материалы – тарихи оқиғаларға байланысты бір ұлттың екіге айрылған тағдырлары, адамдары. Әңгіменің негізгі идеясы – жат жұртта жасаған қазақ қоғамының психологиялық дерті. Жалпы, өзге мемлекеттерде өмір сүріп жатқан қазақтардың бүгінгі таңдағы ұлттық болмысы, мінез-құлқы, психологиясы жазушылармыздың назарынан тыс қалған тақырып. Әсіресе, Ресей қазақтары туралы әдебиет пен публицистика беттерінен арагідік оқимыз. Жазушы өзінің өмірлік һәм жазушылық тәжірибесі негізінде осы бір олқылықтың орнын толтырады. Ресейдегі қандастарымыз бен Қазақстандағы қазақтар арасында байланыстардың солғын тартып жатқандығына жазушы қатты налиды. Ол беттегі ағайынның да Қазақстанға оралу, тіпті ата-жұрт туралы ойлары да көңіл көншітпейді. Оны мына бір детальден көрсек болады: « – Қазақстаныңда не жаңалық? – жеп бір қойды. Қазақстаным демей, Қазақстанның дегені көңіліме дың ете қалса да, сыр бермей:

– Тыныштық, бәрі жақсы, – дедім» [2; 133-134]. Әңгіменің шешімін жазушы жұбайының сөзімен түйіндейді:

«Айтуыңның бәрі орында, ұлттық рухы жоқ, атамекен, Отан дегеннің не екенін білмейтін балалардың болашағы бұлыңғыр ғой. Жаңа шай үстінде әйелдер сөз етіп отырды, ана Сорокинода тұратын жиеннің құдалары бар еді ғой, соның ортаншы қызы негрге тиіп, мұхит асып кетіпті» [2; 134]. Жазушы жүрегі ұлт басына түскен осындай қасіретті көріп қанжылайды, дерттенеді.

Қорытынды

Қорыта келе, Ж. Сүлейменов әңгімелері ұлттық бояуы қанық детальдер мен сөз өрнектеріне толы. Автор әңгімелерінде баяндау тәсілінің жеңіл түрін қолданады. Әңгімелер бір демде, бір леппен жеңіл оқылады. Композициялық, сюжеттік құрылысы жинақы, көркемдік жүйесі мығым, орынсыз суреттеулер мен тәптіштеулер мүлдем жоқ. Автор әңгімелерінде адам өмірі, тағдыры, белгілі бір мәселедегі әрекеттеріне көп мән береді. Сол себептен, автор образдардың ішкі сезімдеріне терең сүнгіп, олардың мінездерінің меруерттерін шебер тізбектейді. Шығармаларындағы тартыс мәселесі де орынды шешімін тапқан. Қорыта айтқанда, Жарасбай Сүйлейменовті Б. Майлин, Ғ. Мүсірепов, Қ. Жұмаділов сынды әңгіме майталмандарының мектебінің бүгінгі таңдағы көрнекті өкілі деп бағалауға болады. Бұл – әдеби дәстүрдің сабақтастығы, жалғастығы. Сонымен қатар, Ж. Сүлейменов – қазақ әңгіме жанрына детективті, шытырман оқиғалы әңгімелер шоғырын қалыптастырған, өзіндік өлшемі мен әдеби қолтаңбасы бар дарынды жазушы. Болашақта, жазушының қазақ прозасының арнасын кеңейтіп, оны жаңа идеялар иірімімен, жаңа көркемдік ағыстармен толықтырады деген үміттемін.

Әдебиет:

1. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.15. – Алматы: Әдебиет Өлемі, 2013. – 225 б.
2. Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. Әдебиет теориясы. – Алматы, 2014. – 412 б.
3. Сүлейменов Ж. Көмескі із. – Петропавл: Полиграфия, 2006. – 204 б.
4. Сүлейменов Ж. Еменнің иір бұтағы. – Астана: Фолиант, 2007. – 156 б.

References:

1. Klassikalyk zertteuler: Kөp tomdyk. T.15. – Almaty: Әdebiет Әlemi, 2013. – 225 b.
2. Zhymaliev Q., Qabdolov Z., Ahmetov Z. Әdebiет teoriyasy. – Almaty, 2014. – 412 b.
3. Sylejmenov Zh. Kөmeski iz. – Petropavl: Poligrafiya, 2006. – 204 b.
4. Sylejmenov Zh. Emennің iir bұtaғы. – Astana: Foliant, 2007. – 156 b.